

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 3 желтоқсандағы № 8/81 "Жаңаөзен қаласы бойынша 2022 - 2024 жылдары субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 7/77 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 желтоқсанда № 4656-12 болып тіркелді

Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жаңаөзен қаласы бойынша 2022-2024 жылдары субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы" Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 3 желтоқсандағы №8/81 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 25851 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Жаңаөзен қаласы бойынша 2022-2024 жылдарда субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесін айқындау туралы";

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жаңаөзен қаласы бойынша 2022-2024 жылдарда субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесі айқындалсын.";

көрсетілген шешімге қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облыстық мәслихатының төрағасы

Ж. Матаев

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2023 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 7/77 шешіміне қосымша
Маңғыстау облыстық мәслихатының
2021 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 8/81 шешіміне қосымша

Жаңаөзен қаласы бойынша 2022-2024 жылдарда субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесі

№	Маршрут нөмірі	Маршрут атауы
1	№1	Қалалық
2	№2	

3	№3	Теңге ауылы – Жаңаөзен қаласы
4	№4	Қалалық
5	№5	Кендірлі ауылы – Жаңаөзен қаласы
6	№6	Қалалық
7	№9	Қызылсай ауылы – Жаңаөзен қаласы
8	№10	Қалалық
9	№11	Рахат ауылы – Жаңаөзен қаласы
10	№12	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК